

Ант қабылдады

Қазақстан Республикасы ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясында 2015 жылдың 26 қыркүйек күні күндізгі оқыту факультетінің 1 курс тыңдаушыларының салтанатты Ант қабылдау рәсімі болып өтті.

Салтанатты іс-шарада жеке құрамның үрмелі аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен еліміздің Әнұраны орындалды. Салтанатты академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов тыңдаушыларды Ант қабылдау рәсімімен құттықтады. Ол сөзінде: «Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың әлемнің дамыған 30 елінің қатарына қосылу жөніндегі стратегиялық жоспарын жүзеге асыру және еліміздің Ұлттық идеясы – «Мәңгілік Ел» болу мұратын баянды ету, Сіздердің Отан алдындағы борыштарыңыз, перзенттік парыздарыңыз. Осы жолда аянбай, барлық күш-жігерлеріңізбен, ақыл-парасаттарыңызбен алған білімдеріңізді өмір тәжірибесіне ұштастырып, қызмет жасайтындарыңызға сенімдімін», деді.

Аталған іс-шараға Қостанай облыстық маслихаттың хатшысы Сайлаубек Ещанов, Ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин, сол секілді академия ардагерлері, ішкі істер органдарының басшылары, оқу орданың профессорлық-оқытушылар құрамы, қызметкерлер, сондай-ақ, еліміздің әр төңірегінен келген тыңдаушылардың ата-аналары қатысты.



Салтанатты шараға жиналғандарды облыстық маслихаттың хатшысы Сайлаубек Ещанов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжебек Укин,

академияның ардагерлер кеңесінің төрағасы отставкадағы әділет полковнигі Татьяна Зюбанова, ата-аналар атынан Әсия Мырзалиева, 1 курс тыңдаушыларының атынан Жандос Қадырбай құттықтап, өздерінің игі лебіздерін білдірді.

Академияға қабылданған тыңдаушылар, ата-аналар және оқу орданың профессорлық-оқытушылар құрамы, қызметкерлері үшін ант қабылдау сәтімәңізды, тағлымы, жауапкершілігі мол салтана десек те болады. Жас тыңдаушылар Отан алдында, Қазақстан Республикасына адал қызмет етуге ант қабылдап, өздеріне үлкен жауапкершілік артып отырғандығы сезінеді, азаматтық борыштарын мүлтіксіз орындауға, еліне, жеріне деген патриоттық сезімді тәрбиелеуге жетелейді. Үстіміздегі жылы академияға екі жүз елу тыңдаушы қабылданып отыр, - дейді академияның баспасөз хатшысы Орынбасар Уақпаева.

Ант қабылдау рәсімінен кейін, оқу ордасында білім алып жатқан тыңдаушылардан құрылған барабаншы қыздар взводы, карабинщиктер взводы, спорттың дзюдо, самбо, еркін күрес, қоян-қолтық күрес түрлерінен, сонымен қатар спорт шеберлері атанып, республикалық, облыстық деңгейлерде танымал болып жүрген спортшы тыңдаушыларымыз да өздерінің спорт түрлері бойынша әдіс-тәсілдерін, шеберліктерін көрсетті. Академия бастығы полиция полковнигі Мирлан Қызылов тыңдаушылардың ата-аналарымен кездесіп, олардың туындаған жан-жақты сұрақтарына жауап берді. Ата-аналарға балаларының жатын, білім алатын, тамақтанатын орындары мен спорт кешені көрсетілді. Салтанатты іс-шара, тыңдаушылармен ұйымдастырылған концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.